



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20.01.2026 № 15

Астана қаласы

город Астана

**Жасанды интеллект қолданылған
оқу жұмыстарына маркировка
енгізу туралы**

Оқушылардың академиялық адалдығын сақтау, жасанды интеллект құралдарын жауапты және ашық қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу жұмыстарының әділ бағалануын қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 17 қарашадағы №230-VIII ҚРЗ «Жасанды интеллект туралы» Заңының талаптарын басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Жалпы ереже

1.1. Осы бұйрық жалпы орта білім беру ұйымында оқушылардың оқу жұмыстары барысында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану жағдайларына маркировка (таңбалау) енгізу тәртібін белгілейді.

2. Маркировка қолдану міндетті жағдайлар

2.1. Егер оқу жұмысы: мәтінді құрастыру; мәтінді өңдеу, қысқарту, аудару; жоспар немесе құрылым жасау; идея ұсыну, талдау мақсатында жасанды интеллект құралдарының көмегімен орындалған болса, маркировка қою міндетті.

2.2. Маркировка келесі жұмыс түрлеріне қолданылады: эссе, реферат, баяндама; жоба жұмыстары; презентациялар; жазбаша және электронды форматтағы тапсырмалар.

3. Маркировка мәтіні (біріңғай стандарт)

Оқу жұмыстарында төмендегі мәтін қолданылады:

Ескерту: Бұл жұмысты орындау барысында жасанды интеллект құралдары қолданылды. Жұмыстың мазмұны мен нәтижесіне жауапкершілік толықтай оқушыға тиесілі.

4. Маркировка орналастыру тәртібі

4.1. Маркировка:

- жазбаша жұмыстарда — жұмыстың соңында;
- жоба жұмыстарында — титул бетінде;

- презентацияларда — соңғы слайдта;
- электронды тапсырмаларда — соңғы жолда көрсетіледі.

5. Бағалау тәртібі

5.1. Маркировка қойылған жұмыс автоматты түрде төмен бағаланбайды.

5.2. Бағалау жұмыстың мазмұнына, оқушының түсіну деңгейіне және тапсырма талаптарына сәйкестігіне негізделеді.

6. Жауапкершілік

6.1. Маркировка қоймау немесе жасанды интеллект қолданылғанын жасыру академиялық адалдық қағидаларын бұзу болып есептеледі.

7. Бақылау

7.1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.К.Бердакова жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Рамазанова